# Тарихты паш еткен мереке



**Тарих – адамзат баласының өткенін зерттейтін қоғамдық ғылым. Тарихтың негізгі пәні ретінде - адам рухы қарастырылады, соған байланысты тарихтың мақсаты адамдарға тек өткенін ғана таныту емес, рухани дүниесін қалыптастыру екенін айта кеткен жөн.**

Тарих - үздіксіз даму үстінде болатын ғылым. Өткенін білмей, қазіргісі мен болашағын бағалау мүмкін емес, қоғамның дұрыс бағытта дамуы үшін азаматтардың тарихи сауаттылығы мен белсенділігі орасан зор маңызға ие. "Тарихсыз - халық жоқ" деген нақыл бекерге айтылмаса керек. Тарихи зерделеу арқылы тарихи сана, мәдениет, дәстүр, ұрпақтар сабақтастығы қалыптасады. Тарих болып жатқан оқиғаларды жан-жақты әрі тереңінен көре білу қасиетін дамытады және болашаққа дұрыс қадам жасауға жәрдемдеседі.

Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің қосымша білім беру орталығында зияткерлік «Зерде» клубының ұйымдастыруымен қазақ хандығының 550 жылдығы және Тәуелсіздік күніне орай 7-8 сынып оқушылары арасында «Тарихты паш еткен мереке» тақырыбында сайыс өтті.

Сайысқа қала мектептерінен 9 мектеп қатысты. Сайыскерлер ойынға жақсы дайындықпен келіп, өз білімдерін ортаға салды. № 6 орта мектеп және № 3 орта мектептен келген оқушыларды ерекше атап айтуға болады. Сайыс қорытындысы бойынша белсене қатысқаны үшін № 10 орта мектептен келген Рамазан Назаров пен Тольтай Сапаров марапатталса, III орынды № 2 орта мектептің оқушылары Валерия Абсаликова мен Диана Әбенова, II орынды №3 орта мектептің оқушылары Наурызбай Әнуаров мен Мұхаметрахым Жанболат, I орынды № 6 орта мектептің оқушылары Айнагүл Торғайбай мен Ерсұлтан Қапыш иеленіп, «Арқалық қаласы әкімдігінің білім бөлімі» ММ-нің мадақтамасымен және ескерткіш сыйлықтармен марапатталды.

**Кәмшат ЖЕНАЕВА,**
**қалалық зияткерлік «Зерде» клубының жетекшісі.**